

Ж.Ш. Балкенов, С.А. Қыпшақов, Ғ.Б. Кенжебеков

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: kipshakov@mail.ru)*

Болашақ мамандарды өрнек өнерін психологиялық талдауға оқытудың әдістемелік шарттары

Мақалада сәндік-қолданбалы өнер саласындағы оқыту-тәрбиелеудің табысты мүмкіндіктері мен аталған өнерді меңгерудегі оқу үрдісін ұйымдастыру жағдайы және заманауи білім жүйесі зерттелген. Тиынақты зерттеуді талап ететін, маңызды болып табылатын теориялық және практикалық сипаттағы шешілмеген сұрақтардың барлығын айғақтайтын жоғары оқу орындарындағы халықтық көркемөнер кәсіпшілігі мен сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне байланысты авторлар ғылыми зерттеулерге, басылымдарға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасады. Сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының құралдары, педагогикалық амалдар, әдістемелік шарттар, оқыту үрдісінің тиімді әдістері мен түрлері анықталған.

Кілт сөздер: өрнек өнері, көркем шығармашылық, стилизация, нақыш, рухани таным, образ, ренк, тұлға, көркемдік, абстрактылық.

Көркем образдың өнермен, яғни бейнемен, байланысы ойлаудың негізін құрайтын көркемдік тәсілдер де түрлі элементтердің қаншалықты тығыз байланыста жататынын дәлелдейді. Ең қарапайымдылықтан күрделі образдарға дейін сараланып жинақталған түрлі реңктердің өзі шынайы нақты қалпында тұтас күйінде алмай, жинақталған образды түрде бейнелеу болып табылады. Сөйтіп, көркем образ жасау процесінде ерекше ойлау, бейнелі образды мүмкіндіктер туады.

Адамның көркемдік қызметінің басталуы мен дамуында әлеуметтік фактор шешуші роль атқарды. Л.С.Выготский өзінің «Өнер психологиясы» деген белгілі еңбегінде мынадай қорытындыға келеді. «Өнер біздегі... әлеуметтік нәрсе. Жануардан өзгеше, адамның аса елеулі ерекшелігі мынада: ол техника аппараты мен ғылыми таным аппаратын енгізіп, өзінен бөлектеп шығарады, сөйтіп, бұлар қоғамның құралдары болып шығады. Дәл осы сияқты өнер де сезімнің қоғамдық құралдары болып шығады. Қоғам осы құралдардың көмегімен біздің тіршілігіміздің ең қажетті жақтарын әлеуметтік өмір шеңберіне таратады» [1].

Халқымыздың мәдени мұрасындағы мұндай факторлар көркемдік жағынан жаңа сатыға көтеріледі: өнер көркем шығармашылыққа айналады да уақыт шеңберінде өмір сүре бастайды. Көркемдік өнер қосымша шындықты пайымдау формасына ие болады. Өнердегі осындай көркемдік қажеттіліктер осы заманғы адамдарды «эстетикалық сезім деп аталатын шын мәніндегі «көркемдік сезім» болып біртіндеп қалыптасады. Алғашқы кезеңде бұл сезімдер сананың жаңа формасының белгілері бейнелеу өнерінде көркем шығармашылықта образды ойлаумен білінеді. Өнер дүниені бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге, белгілі бір көркемдік мағынада алғанда, көркем шығармашылықпен оны жасайды да. Яғни, адам табиғат берген нәрсенің формасын өзгертіп қана қоймайды: табиғат берген нәрседе адам сонымен бірге өзінің саналы мақсатын да жүзеге асырады, ал бұл мақсат көркем шығарма ретінде образ жасау іс-әрекетінің әдісі мен танымдық сипатын белгілейді. Ал бейнелеу өнеріндегі көркем шығармашылықта, көркемдік тәсілдер, формалар эмоциялық ойлаумен байланысып жасайды. Бұл көркемдіктің ерекше формасы, оның ғылыми танудан өзгешелігі – өнердегі көркемдік ақиқаттардың бізге тікелей қабылдау арқылы берілетіндігінде.

Бұл көркемдіктер тікелей тәжірибеден гөрі жинақтық нәтиже ретінде өте маңызды. Көркемдік тану аспектісі дәл ғылымдардан гөрі басқаша, өнер мен дәл ғылымдар арасында бәсеке деген жоқ. Экспериментті зерттеулердің мүмкіндігі жететін аспектілердің бірде-бірі көркемдік үшін өзінің маңызын сақтай алмайды. Көркем шығармашылықтың алыстан қармайтын көркем образдары қашанда тікелей тәжірибенің мүмкіндіктері жететін шектен әрірек шексіздікте бағытталған.

Шығармашылық проблеманың психология ғылымында жасалған тұжырымдамалары. Мысалы, А.Г.Спирин: «Шығармашылық дегеніміз – қорытындысында бұрын белгісіз болған деректер мен материалдық әлем рухани мәдениеттің заңдылықтарын, қасиеттерін және өзіндік құндылықтар

тудыратын рухани әрекет» – деп жазды. Қ.Жарықбаев «Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам шығармашыл ойдың иесі», — десе [2], В.С.Библер: «шығармашылық дегеніміз – қабілеттің, логикалық көптігі, көп түрлілігі...» ол шығармашыл ойлағанда өз ойын өзара ішкі ойлау диалогымен жүзеге асырады», – дейді.

Қазіргі заманғы психологиялық еңбектерге сүйене отырып, көркем шығармашылықты құрамды бөліктері деп, өрнек элементтерін құбылту, даярлау, жинақтау, әсерлеу сияқты алдын ала белгісіз мәселелерді шығармашылықпен шешу үшін дәйекті түрде орындауды қажет ететін психофизиологиялық сапалардың жиынтығын айтамыз [3]. Демек, болашақ мамандарды өрнек өнеріндегі рухани таным мен көркем-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды білімнен тыс қарауға болмайды. Мұны Қ.Жарықбаев: «Адам іс-әрекетінің белгілі түрімен айналысу арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны шамасынша өзгертеді», — деп қуаттайды. Ғылымның пікіріне сүйенсек, өнер адамзат, болмысының құпиясын ашып көрсететін, оның көркемдік тұрғыдан бейлелеу мен қатынасының міндеттеріне жауап беретін, бірден-бір әрекет болып саналады. Демек, өнерде білімнен гөрі, іс-әрекеттің мәні жоғары сияқты. Себебі өмірге кеңірек тарған көркем бейнелеу, адамның іс-әрекеті арқылы танылады.

Іс-әрекет өзіне мақсат, мотив (себеп), мазмұн, форма, түрлі шеберлік тәсілдерін меңгеру үшін, ерік, эмоциялық күштерді қажетсіну, әрекет тәсілдерін реттеу және олардың нәтижесін біріктіру құрылысынан тұратыны психология оқулығында көрсетілген.

Психология ғылымында әрбір адамның бойында өнерді тануға деген құштарлық сезімдердің болатындығы нақты мысалдармен дәлелденген. Ол өнерді үйренуге деген құштарлық сезімдерді қанағаттандыру болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі рухани таным мен көркем шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың қалыпты дамуының қажетті шарты болып табылады.

Психологияда өнердегі көркем шығармашылық іс-әрекетті дамытудың бірнеше тәсілдері бар. Ол көркемдікті меңгеру процесінде ерекше роль атқаратын дербес шығармашылық мақсатқа айырықша назар аударады. Себебі шығармашылықтың астарында өрнектің мазмұнына қызығушылық және көркемдікті игеру процесінің мәні жатыр.

Біздің көзқарасымыз бойынша, осынау тұжырымдар болашақ мамандарды өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық іс-әрекетке даярлайтын заманауи тәсілдердің мүмкіндіктерін едәуір кеңейте түсуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты болашақ мамандарға өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық іс-әрекетпен шұғылдандуына келесі міндеттер қойылды:

Бірінші, болашақ мамандарға өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық іс-әрекеттің алатын үлесін ұлғайту. Бұл жағдайда шығармашылық іс-әрекетке деген қабілеттің барынша ойдағыдай дамуын қамтамасыз ету толықтай негізді. Сонымен қатар орындаушылық қызметтегі шеберлік пен іскерлік көркем шығармашылық шешімді іске асырудың міндетті шарты және шығармашылық процестің белгілі дәрежедегі құрылымы болып табылады.

Алайда осы аталған көркем шығармашылық міндеттер өрнек өнерінде көркемдік қажеттіліктің көрініс табу сәтінен бастап (сезіну және көркем образды қабылдау) оны шығармашылық іс-әрекетке асырғанға дейінгі барлық кезеңдерін ойша қабылдаған жағдайда ғана іске асады. Ойлау өрнек өнерінде көркемдік әрекетке байланысты шығармашылық процестің бар болғаны бір бөлшегі ғана. Көркем шығармашылықтың құрылымын зерттеушілер, олардың басталуы мен аяқталуы сәттерінің айқын көрінісі бар, бірқатар міндеттердің дәйекті үрдістерге бөлінетінін көрсетіп берді [4]. Мұның өзі болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі шығармашылық іс-әрекет қызметінің толық ұғымын (көркемдік қажеттіліктің көрініс беру сәтінен бастап оны шығармашылықпен қанағаттану сәтіне дейін) жүзеге асырудың маңызды екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық мазмұн болашақ мамандардың танымына ғана емес, көңіл-күйіне де әсер етуі қажет.

Психологиялық аспект тұрғысынан алғанда өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық қабілеттердің дамуы төмендегідей негізгі құралдардың болуымен қамтамасыз етіледі: ойлау операцияларын жинақтау қабілеті (өрнек образын стилизациялау және өрнек элементтерін көркемдік жүйеге келтіру); көркем шығармашылық қабілет; көркемдікті қабылдау тұтастығы; өрнек элементтеріндегі ерекшеліктерді еске сақтау; өрнек түрлерін көркемдікпен нақыштауда, бұрынғы белгілі тәсілдерді түрлендіріп жаңа өрнек элементтерін таба білу т.б.

Ұлттық өрнек өнерінде еліктеу элементі айқын сезіледі, олар әр түрлі формадағы жануарлардың қимыл-дағдыларына және сол формаларды өрнек өнеріне айналдыруда шығармашылық іс-әрекеттерге еліктеуге негізделген. Өрнек өнеріндегі көркемдік образға еліктеуге «әсемдік» деп аталатын шығармашылық іс-әрекетінің бір байланысы бар екенін көреміз.

Демек, болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі рухани таным мен шығармашылық іс-әрекетінің дамуы, өрнек өнері саласындағы білімді, шеберлікті, көркемдікті меңгеруде ғана емес, сонымен бірге көркем шығармашылық образдың айырықша санасының дамуына байланысты.

Ал, өрнек өнерімен – түрлі реңктерге тән көркем шығармашылық ойдың дамуы еңбек процесінде мүмкін болады. Адам көркем шығармашылықтың қиындығы мен қызығын бірдей бастан кешіп, кәсіби шеберлік кедергісін жеңуге белгілі бір дәрежеде үйренгенмен, іс-тәжірибе арқылы ғана өрнек өнеріндегі түрлі формалардың шын мәнінде не екенін ғана түсіндіреді.

Қазіргі заманғы психологиялық әдебиетте тұлға шығармашылығының құрамды бөлшектерден, тұжырымдар мен деңгейлер жинағы алдын ала белгісіз болғанда, мәселені шығармашылықпен шешу үшін дәйекті түрде орындауды қажет ететін психофизиологиялық сапалардың жиынтығын айтады.

Бұл қағида өрнек өнеріндегі көркемдікті түсінуге және оны шығармашылық нақтылығын айқындауға жол ашады. Көркем шығармашылықты зерделеуге мұндай көзқарас болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықты қалыптастыру проблемасын зерттеушілер үшін маңызды, ал өрнек өнеріндегі түрлі көркемдік әрекеттерді орындауға дайындықты қалыптастыру оның құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Алайда болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі рухани таным мен шығармашылық іс-әрекеттерді меңгеруге психологиялық ерекшеліктерін елемеудің өзі дұрыс емес, себебі өрнек өнерінде көркем образды элементтерді және түрлі ұлттық реңктерін көркемдік қалыптасу әрекетінің негізінде осы ерекшеліктер болады. Шынайы көркем шығарма үш сезімнен құралады: біріншісі, табиғи қабілет пен дарын, екіншісі, өнердің көркемдік дамуын терең түсіну, үшіншісі, тынымсыз, толассыз еңбек жүйелі жаттығу. Өрнек өнеріндегі көркем шығармашылық психологиялық тұрғыдан алған үш мақсатты көздейді: бірінші сендіру; екінші рахаттану, ләззатқа бөлену; үшіншісі толқып, тебірену. Бірінші бөліктің өзі: нақты істер мен жалпы мәселелерге тармақтанады. Нақты көркемдік дамуға, өнерді көркем шығармашылық дәстүрге, өрнектің тақырыбына қатысты теориялық және шығармашылық іс-тәжірибе болып бөлінеді. Екінші бөлік көркемдік салада өрнектің мазмұнын, образды айқындау, нақтылы стилизациялау түрлерін таба білу. Үшінші бөлік өрнек өнеріндегі образдың мәніне көрерменнің ынта-зейінін өзіне аудару, көңіл-күйін бөлісу, күрделі, ғибратты ойларды өрбіту мәні мен сыртқы көрінісі, көру сезіміне және басқа сезімдерге мейлінше жағымды болу керек. Өйткені көру ол көңіл-күй толқындарын, өзгерістерін, елеусіз реңктерін мейлінше толық, жетік, жан-жақты жеткізетін күдіретті мүше. Көру, сезу қабілеттері образдар ассоциациясын тудыру, сыртқы дүние әсерін қабылдау – болашақ маманның болмысының өзгешеліктерін анықтайтын көрсеткіштер.

Сонымен, өрнек өнерінің өзіне тән көркем шығармашылық өзгешелігі ой мен сезімнің, көңіл-күйдің нақыш бояуларын көрсетуге бейімдейді. Өрнектің әсем образға құрылуы жаңа өрнек элементтерімен бейнеленуі – көрерменнің ықылас пейілін өзіне аударып қызықтырады. Осындай психофизиологиялық қасиеттердің ерекшеліктері студенттердің өрнек өнеріндегі шығармашылық іс-әрекеттерді меңгеруде өрнек өнеріндегі көркемдік шеберлікті жетілдіруде олардың психологиялық білімдерді қолдана білуі мен шығармашылықты дамытуға маңызды роль атқарды.

Өрнек өнеріндегі бейнелі образды еске сақтау дегеніміз – біздің ойымызша — өрнек өнеріндегі көркем образды элементтерді тану процесінде өрнектерді ұдайы, мақсатты, нысаналы түрде бейнелеу, болашақ мамандардың көркемдікті шығармашылықпен қалыптастыру факторлары болып табылады. Бұл ұсыныстар болашақ мамандардың өрнек өнеріндегі көркемдік образды таба білуде шығармашылықты жаттығулар жүйесінде шеберлікті дамыту әрекеті арқылы жүзеге асады.

Көркем образ жасау процесінде адамның нақты әрекеті арқылы танылатын ой-сезімдерімен бірге оның психологиясында ғана болатын, тысқа берілмеген ой-сезім сырларын көрсетудің маңызы өте зор.

Көркем образда – көркемдік қуат, әсерлілік, асқақтық, тереңдік, сұлулық, өрнек өнеріндегі әсем де динамикалы қозғалыс, нәзік те үйлесімді түр мен түс тәрізді сипат белгілерді атауға болады. Көркем образдардың жасалуына өзек болатын бейнелеу тәсілдерінің мәні көркем, сұлу, көру сезіміне және басқа да сезімдерге мейлінше ұнайтын жағымды қасиет болуы керек.

Көркем образ әрқашанда психотерапиялық әсермен еліктеу, желіктіру тәсілдері жиі қолданылатын барлық елеулі заттардың жиынтығы деп те анықтама беруге болады, сөйтіп психикалық әсер сияқты өнер де қандай да бір дәлелдеменің көмегін қажет етеді.

Адамның қолы оның ойына жәрдемдеседі. Бір сәтке елес берген сурет бейнелері де, сол қалпында тікелей қабылдау объектісіне айналады. Бейнелеу өрнек элементтерінің және олардың

бөлшектерінің арасындағы көркемдік байланыс анағұрлым түсінікті, айқын болатындай етіп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өрнек өнеріндегі мұндай көркемдік тәсілдер ойдың тімді әсерлі актілерімен, ерекше эмоциялық ойлаумен байланысып жатады. Бұл өрнек өнеріндегі көркем шығармашылықтың ерекше формасы, оның ғылыми танымдылығы, өнер ақиқатының бізге тікелей қабылдау арқылы берілетіндігі осыдан.

Абстрактылы ойлаудың негізгі формалары түсінік, ой талқысы, дәлелдеу, ой-тұжырым, ой қорыту болып табылады. Логикалық түсінік – белгілі бір ұғым қалыптастыру. Ой талқысы ойдың өрнек өнерінде түрлі көркемдік элементтермен берілуі. Бұдан түрлі заңдылықтар туындайды: көркемдік ұғым, дәлелдеу, пайымдау, болжам-логикалық гипотеза.

Иә, халқымыздың мәдени мұрасындағы ұлттық өрнек пен реңктердің, оның ішінде түстердің танымдық-эстетикалық, тәрбиелік мақсаты ерекше. Себебі қазақтың мәдени мұрасындағы ұлттық реңктердің әлемінде халқымыздың тұрмыс-салты мен дәстүрін, шежіресін, жағрапиясын, мінезін, ерлігін, өрлігін дәл бейнелейтін құдірет бар (мұның ішіне музыкалық және фольклорлық ауыз әдебиеті де кіреді).

Міне, сол себепті де қазақтың мәдени мұрасындағы түрлі реңктердің танымдық-эстетикалық мәнін болашақ ұрпаққа жас шағынан бастап санасына сіңіруге ден қою қажет. Демек, түр мен түстер туралы халықтың бай мәдени мұрасын зерделеу, оны халық пайдасына асыру, эстетикалық таным-біліктіліктің мәнді арнасы деп тану, оның озық үлгі мен дәстүрінен үйрену тез арада сабасына түсіп, шешімін таба қоятын мәселе емес. Әсемдікті ұлттық реңктер ерекшеліктерін әр халықтың өзіндік болмысына қарай өзіне тән ұғыммен қабылдау қажет. Сол себепті әсемдік немесе ұлттық реңктер жөніндегі ұғым атаулы да алуан-алуан көріністер беріп, әр халықтың өзіне тән көркемөнер категориялары қалыптасып, соған лайық өнер түрлері дүниеге келмек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Выготский Л.С. Психология искусства / Л.С. Выготский; под. общ. ред. В.В.Иванова. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Знание, 1968. — 576 с.
- 2 Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері: оқулық / Қ.Б. Жарықбаев. — Алматы: Эверо, 2010. — 462 б.
- 3 Лук А.Н. Мышление и творчество / А.Н. Лук. — М.: Политиздат, 1976. — 144 с.
- 4 Медведев Л.Г. Формирование графического художественного образа на занятиях по рисунку: учеб. пособие для студентов худ.-граф. ф-та пед. ин-тов / Л.Г. Медведев. — М.: Просвещение, 1986. — 159 с.

Ж.Ш. Балкенов, С.А. Кипшаков, Ғ.Б. Кенжебеков

Методические условия обучения будущих специалистов анализу орнаментального искусства

В статье показана современная система обучения и выявлены возможности успешной учебно-воспитательной работы в области декоративно-прикладного искусства и состояние организации учебного процесса по его освоению. Проведен анализ научных исследований, публикаций, психолого-педагогической литературы, связанных с проблемой развития творческих способностей студентов на занятиях декоративно-прикладным искусством и народными художественными промыслами в высших учебных заведениях, который свидетельствует о том, что существует ряд нерешенных вопросов как теоретического, так и практического характера, которые являются актуальными и требуют основательного изучения. Определены оптимальные формы и методы организации процесса обучения, методические условия, педагогические приемы, средства учебно-воспитательной работы на занятиях по декоративно-прикладному искусству.

Ключевые слова: личность, духовное познание, искусство орнамента, художественное творчество, стилизация, образ, колорит, цвет, художественность, абстрактность.

Zh.Sh. Balkenov, S.A. Kipshakov, G.B. Kenzhebekov

Methodical conditions for training future specialists to analysis of ornamental art

In the article the modern system of training is studied and the opportunities of successful teaching and educational work in the field of arts and crafts and the state of the organization of the educational process for mastering this art are revealed. The authors conducted an analysis of scientific research, publications, psychopedagogical literature related to the problem of developing the creative abilities of students in arts and crafts and folk arts at higher educational institutions, which indicates that there are a number of unresolved issues, both theoretical and And practical nature, which are relevant and require a thorough study. Optimal forms and methods of the organization of the learning process, methodological conditions, pedagogical methods, means of teaching and educational work in the arts and crafts classes were determined.

Keywords: personality, spiritual knowledge, art of ornament, artistic creativity, stylization, image, coloring, color, artistry, abstractness.

References

- 1 Vygotskii, L.S. (1968). *Psikholohiia iskusstva [Psychology of Art]*. V.V. Ivanov (Ed.). (2d ed., corrected, and amended). Moscow: Znanie [in Russian].
- 2 Zharyrbaev, K. B. (2010). *Psikholohiia nehizderi [Psychology of neglect]*. Almaty: Evero [in Kazakh].
- 3 Luk, A.N. (1976). *Myshlenie i tvorchestvo [Thinking and creativity]*. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 4 Medvedev, L.G. (1986). *Formirovanie hraficheskoho khudozhestvennogo obraza na zaniatiiakh po risunku [Formation of the graphic artistic image in the classroom on drawing]*. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].